

"Қазақстан Республикасы Азаматтық авиация ұйымдарының авиациялық қауіпсіздік қызметінің басшылары және мамандары лауазымдарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі Азаматтық авиация комитеті төрағасының 2004 жылғы 22 маусымдағы N 113 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Азаматтық авиация комитеті төрағасының 2006 жылғы 13 қыркүйектегі N 204 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 17 қазанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4428 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 05 мамырдағы № 253 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2011.05.05 № 253 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасы азаматтық авиация ұйымдарының авиациялық қауіпсіздік қызметінің басшылары мен мамандары лауазымдарын нақтылау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Қазақстан Республикасы Азаматтық авиация ұйымдарының авиациялық қауіпсіздік қызметінің басшылары және мамандары лауазымдарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі Азаматтық авиация комитеті төрағасының 2004 жылғы 22 маусымдағы N 113 бұйрығына (Нормативтік-құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2948 нөмірмен тіркелген) мынадай толықтырулар енгізілсін:

аталған бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Азаматтық авиация ұйымдарының авиациялық қауіпсіздік қызметінің басшылары мен мамандары лауазымдарының тізбесінде:

4 - т а р м а қ т а :

- б) тармақшадағы "." тыныс белгісі ";" тыныс белгісімен ауыстырылсын;  
мынадай мазмұндағы 7), 8) тармақшалармен толықтырылсын:  
"7) инспектор (кіші инспектор) - жүргізуші;  
8) бақылау және бейне бақылау пунктының инспекторы (кіші инспекторы).";  
мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:  
"5. Әуежайдың АҚК рұқсат беру бюросы:  
1) рұқсат беру бюросының бастығы;  
2) рұқсатнама бюросының аға инспекторы (инспекторы)."

2. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Төраға*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ